



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

**2023 жылғы Қазақстан Республикасындағы электрондық
коммерция туралы**

Астана 2024

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері**
- S.2 Өзектілік- кіріспе**
- S.3 Метадеректерді жаңарту**
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну**
- S.5 Өлшем бірлігі**
- S.6 Есепті кезең**
- S.7 Құқықтық негіз**
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау**
- S.9 Жарияланымдар саясаты**
- S.10 Тарату жиілігі**
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық**
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі**
- S.13 Сапаны басқару**
- S.14 Өзектілік**
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)**
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық**
- S.17 Салыстырмалылық**
- S.18 Келісушілік**
- S.19 Жүктеме**
- S.20 Деректерді қайта қарау**
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу**
- S.22 Ескерту**

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

**Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы**

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

**Қызмет көрсету және энергетика статистикасы департаменті, Ішкі сауда статистикасы
басқармасы**

S.1.3 Байланысатын адамының аты

Нысанбай Аян Нұрланұлы

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Қарауылова Гүлмира Сайлаубекқызы

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

**010000, Астана қаласы, Есіл өзенінің сол жағалауы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8,
Министрліктер үйі, 4 кіреберіс**

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

a.nysanbai@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7(7172) 74-93-36

S.2 Өзектілік- кіріспе

Сауда – республиканың экономикалық қызметінің бірден-бір ірі саласы және оның дамуы – экономиканың табысты жұмыс істеуінің басты шарттарының бірі. Электрондық сауда – тауарларды өткізу жөніндегі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызмет. Электрондық коммерцияға тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) интернет арқылы жүзеге асырылатын компаниялар, үй шаруашылықтары, мемлекеттік немесе жеке ұйымдар арасында сату немесе сатып алу жатады. 2023 жылы бөлшек сауданың жалпы көлеміндегі электрондық сауданың үлесі 12,7% жетті.

Жалпымемлекеттік статистикалық байқау Қазақстан Республикасындағы электрондық коммерцияны сипаттайтын негізгі көрсеткіштерді қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі ұлттық статистика бюросы басшының міндетін атқарушының 2022 жылғы 13 желтоқсандағы № 38 бұйрығымен бекітілген «Электрондық коммерция статистикасы бойынша көрсеткіштерді қалыптастыру жөніндегі әдістемеге» сәйкес электрондық коммерция туралы деректер жылдық негізде (өңірлер бөлінісінде) қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі, халықаралық ұйымдар, жергілікті атқарушы органдар және басқа да ведомстволар, жеке және заңды тұлғалар негізгі пайдаланушылар болып табылады.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

18.08.2022

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

18.08.2022

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

18.08.2022

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Электрондық коммерция мәмілені автоматты түрде ресімдеу үшін (Интернеттің қолданбалы функциялары, деректерді алмасудың электрондық жүйесі, интерактивты телефон жүйелері) қолданылатын кез келген онлайн бағдарламалардың көмегімен алынған немесе орналастырылған тапсырыстарды қамтиды. Мұнда телефон, факсимильді байланыс немесе электрондық почта көмегімен алынған немесе орналастырылған тапсырыстар жатпайды. Электрондық коммерцияны сипаттайтын негізгі көрсеткіштер:

- 1) Тауарлар мен қызметтерді өткізу үшін Интернет-ресурсты қолданатын кәсіпорындар саны;
- 2) Меншікті Интернет-ресурс арқылы тауарлар мен қызметтерді өткізуші кәсіпорындар саны;
- 3) Электрондық коммерция платформасы (маркетплейс) ұстаушы кәсіпорындар саны;
- 4) Меншікті Интернет-ресурс арқылы бөлшек, көтерме сауда және көрсетілген қызметтер көлемі;
- 5) Меншікті Интернет-ресурс арқылы бөлшек, көтерме сауда және көрсетілген қызметтерге тапсырыстар саны;
- 6) Меншікті Интернет-ресурс арқылы тауарлар мен қызметтерге пайдаланылатын төлем және жеткізу тәсілдері;
- 7) Электрондық коммерция платформасы (маркетплейс) ұстаушы кәсіпорындар саны;
- 8) Электрондық коммерция платформасы (маркетплейс) арқылы бөлшек сауда және көрсетілген қызметтер көлемі;
- 9) Электрондық коммерция платформасы (маркетплейс) арқылы тауарлар мен қызметтерге тапсырыстар саны.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

Зерттеу жүргізу кезінде мынадай статистикалық жіктеуіштер пайдаланылады:

- 1) Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші (ЭАОЖ) ; 2) Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (ЭҚЖЖ);
- 3) Меншік нысандары мен түрлерінің жіктеуіші (МНЖ);
- 4) Заңды тұлғалардың көлемі жіктеуіші (ЗТЖ).

Аталған жіктеуіштер ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz интернет-ресурсында Негізгі / Статистикалық жіктелімдер бөлімінде орналасқан.

S.4.3 Секторлық қамту

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) 45.11, 45.3, 46.21, 46.3, 46.4, 46.5, 46.6, 47.19, 47.4, 47.5, 47.6, 47.7, 49.1, 49.2, 49.3, 49.4, 51.1, 52.2, 53.1, 53.2, 55.1, 55.2, 55.9, 56.1, 56.21, 62.01, 62.09, 63.11, 63.12, 63.9, 64.99.9, 65.1, 65.2, 66.11, 66.19, 66.2, 73.12, 73.2, 77.1, 79.1, 79.9, 85.31, 85.5, 86.10.3, 92.0, 93.13, 94.12 кодтарына сәйкес экономикалық қызметтің негізгі түрлерімен саны 100 адамнан асатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері жаппай әдіспен, саны 100 адамға дейінгілер - іріктемелі әдіспен; ЭҚЖЖ 47.91.0 санына қарамастан - жаппай әдіспен, сондай-ақ ЭҚЖЖ-ға қарамастан, электронды коммерцияны жүзеге асыратын электронды коммерция платформасын ұстаушылар тізім бойынша ұсынады.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

Электрондық коммерция бойынша қызмет көрсеткіштерін қалыптастыруға ҚР СЖРА ҰСБ басшысының м.а. 2022 жылғы 13 желтоқсандағы № 38 бұйрығымен бекітілген «Электрондық коммерция статистикасы бойынша көрсеткіштерді қалыптастыру жөніндегі әдістеме» негіз болып саналады. Әдістеме Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 14 желтоқсанда № 31099 болып тіркелді.

1) Респонденттер тобы: Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) негізгі түрлері бар заңды тұлғалар (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері 45.11, 45.3, 46.21, 46.3, 46.4, 46.5, 46.6, 47.19, 47.4, 47.5, 47.6, 47.7, 49.1, 49.2, 49.3, 49.4, 51.1, 52.2, 53.1, 53.2, 55.1, 55.2, 55.9, 56.1, 56.21, 62.01, 62.09, 63.11, 63.12, 63.9, 64.99.9, 65.1, 65.2, 66.11, 66.19, 66.2, 73.12, 73.2, 77.1, 79.1, 79.9, 85.31, 85.5, 86.10.3, 92.0, 93.13, 94.12 кодтарына сәйкес саны 100 адамнан асатын жаппай әдіспен, саны 100 адамға дейінгілер - іріктемелі әдіспен; ЭҚЖЖ 47.91.0 санына қарамастан - жаппай әдіспен, сондай-ақ ЭҚЖЖ-ға қарамастан, электронды коммерцияны жүзеге асыратын электронды коммерция платформасын ұстаушылар тізім бойынша ұсынады;

2) Құралдар: «Электрондық коммерция туралы есеп» (индексі Э-коммерция, кезеңділігі - жылдық) статистикалық нысаны.

3) Байқау типі: жаппай, іріктемелі, тізім бойынша;

4) Респонденттердің ұсыну мерзімі есепті кезеңнен кейінгі 25 ақпанға (қоса алғанда) дейін. Осы статистикалық нысанды ұсыну қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында www.stat.gov.kz орналастырылған «Деректерді on-line режимде жинау» ақпараттық жүйесі арқылы

жүзеге асырылады.

5) Нысан соңғы рет 2022 жылы қайта қаралды, статистикалық нысан ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының stat.gov.kz интернет-ресурсы ресурсында «Респонденттерге» бөлімінде орналастырылған.

S.4.5 Статистикалық объект

Қазақстан Республикасындағы электрондық коммерция.

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Электрондық коммерция статистикасы бойынша байқау жылдық негізде жүргізіледі. Бас жиынтықты анықтау үшін қажетті жіктеу және мекенжай деректері бар бірліктердің толық тізбесін қамтитын Статистикалық бизнес тіркелімі пайдаланылады.

Байқау түрі: ірі және орта кәсіпорындар жаппай әдіспен байқалады, шағын кәсіпорындар – іріктемелі, электронды коммерцияны жүзеге асыратын электронды коммерция платформасын ұстаушылар – тізім бойынша;

2023 жылға дара кәсіпкерлер бойынша іріктемелі жиынтықтың көлемі жалпы іріктеменің 10% құрайды (шамамен 12 мың респондент).

S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар.

S.4.8 Қамту уақыты

Қазақстанда электрондық коммерция бойынша зерттеу жыл сайынғы негізде 2013 жылдан бастап жүргізіледі. 2013-2023 жылдардағы уақыттық қатарлар бар.

S.4.9 Базалық кезең

Базалық кезең зерттеу жылының алдындағы жыл болып табылады.

S.5 Өлшем бірлігі

Мың қазақ теңгесі.

S.6 Есепті кезең

Жыл.

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңы.

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.

3. Белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспары.

4. Белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі.

5. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі ұлттық статистика бюросы басшының міндетін атқарушының 2022 жылғы 13 желтоқсандағы № 38 бұйрығымен бекітілген «Электрондық коммерция статистикасы бойынша көрсеткіштерді қалыптастыру жөніндегі әдістеме».

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Құпиялылық саясаты

1.«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабы, оған сәйкес құпиялылық кепілдігі және респонденттер ұсынатын деректерді қорғау қамтамасыз етіледі.

2.2015 жылғы 29 қазандағы № 183 Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3.Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі ұлттық статистика бюросы басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы № 20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басшылық қағидаттары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, Бюроның есептеу техникасы құралдарында сақталатын және өңделетін ақпараттың құпиялылығын оның тұтастығы мен теңтүпнұсқалығы шартында қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

1) Қазақстан Республикасы "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңының 5-тармағының 8-бабына сәйкес ұсынылатын деректердің құпиялылығы мен қорғалуына кепілдіктерді қамтамасыз ету.

2) Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте пайдалану үшін ұсыну қағидалары, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6388 болып тіркелді.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Заңының 26-бабының 1-тармағы, 2-тармағы сәйкес ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі қалыптастырылады.

S.9.2 Кестеге қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі PCATK CPЖА ҰСБ/ Пайдаланушыларға www.gov.kz МОИРБП орналасқан.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға мемлекеттік статистика

органдарының интернет-ресурстарында орналастыру арқылы бір мезгілде әкімшілік статистикалық ақпарат пен статистикалық әдіснамаға сапалы түрде қол жеткізуге ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz интернет-ресурсында тең құқықтарды қамтамасыз етеді.

S.10 Тарату жиілігі

Жыл сайын.

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Веб-жарияланымдар, баспасөз хабарламасы жарияланады.

S.11.2 Жарияланымдар

1) «Қазақстан Республикасындағы электрондық коммерция туралы» статистикалық кестелері Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz интернет-ресурсында, Негізгі/Экономика/Ішкі сауда статистикасы – Электрондық кестелер бөлімінде жарияланады;

2) «Қазақстан Республикасындағы электрондық коммерция туралы» статистикалық бюллетень Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында, Негізгі/Экономика/Ішкі сауда статистикасы – Жариялынымдар бөлімінде жарияланады;

3) Негізгі көрсеткіштер және динамикалық кестелер Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында, Негізгі/Экономика/Ішкі сауда статистикасы – Динамикалық қатарлар бөлімінде жарияланады;

S.11.3 Онлайндық деректер базасы

«Талдау» ақпараттық талдамалық жүйесі - Ішкі сауда статистикасы -Ішкі сауда бөлімі.

S.11.3.1 AC1. Деректер кестесі -кеңестер

Іске асырылмаған.

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Дерекқорды қайта сәйкестендірілген түрде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану ережесі, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6388 болып тіркелді.

S.11.5 Өзге де

Қолданылмайды.

S.11.5.1 AC 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған.

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

1) Электрондық коммерция статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме. ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Әдіснама»

бөлімінде орналастырылған;

2) «Статистика бойынша әдіснамалық ережелер 2018 жыл» толықтырылған төртінші басылым. ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Әдіснама» бөлімінде орналастырылған.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі. Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігімен 07.06.2018 № 17011 болып тіркелген.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өткізу көлемі бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлданған рәсімдермен құпталады:

-бастапқы есепке алудың негізгі қағидаттарын сақтау;

-тауарлардың, өнімдердің, қызметтерді стандартты статистикалық жіктелімін пайдалану;

-бастапқы статистикалық деректердің анықтығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу;

-динамикада статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізу;

-бастапқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық) әзірленген және енгізілген;

-бастапқы деректердің дұрыстығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу мүмкіндігі Заңмен бекітілген;

-бастапқы расталмаған статистикалық деректерді ұсынған және ұсынбағаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген.

S.13.2 Сапаны бағалау

Дәлдік пен сенімділікке қатысты электрондық коммерция статистикасы сауалнамасының нәтижелерін жақсы деп бағалауға болады. Бұл байқау жүргізіледі: ірі және орта кәсіпорындар – жаппай әдіспен байқалады, шағын кәсіпорындар – іріктемелі, жеке тұлғалар және маркетплейстер – тізім бойынша; ЭҚЖЖ 47.91.0 кәсіпорын ауқымына қарамастан жаппай әдіспен.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ақпаратты пайдаланушылар: мемлекеттік органдар (Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі және тағы басқаралары);

ғылыми-зерттеу институттары (Экономикалық зерттеулер институты және тағы басқаралары);

халықаралық ұйымдар (ТМД, ЕЫДҰ, БҰҰ және тағы басқалар);

ЖОО оқытушылары, студенттер және тағы басқаралары.

S.14.2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

Q-002 «Пайдаланушыларға сауал салу» сауалнамасына сәйкес жыл сайын ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушыларға сауал салу жүргізіледі.

S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

Сауда кәсіпорындарының қызметі туралы деректердің толықтығы БҰҰ, Евростат, ЭЫДҰ халықаралық ұсынымдарымен сәйкес келеді.

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

2023 жылы электрондық коммерция платформасын (маркетплейс) пайдаланатын кәсіпорындардың үлесі 79,7%, тауарлар мен қызметтерді меншікті Интернет-ресурс арқылы өткізетіндер – 30,3% олардың ішінде 10% бөлшек электрондық коммерцияны (маркетплейс және меншікті Интернет-ресурс арқылы) жүзеге асырады.

Бөлшек сауданың жалпы көлеміндегі электрондық сауданың үлесі (ішкі нарық) 2023 жылы (маркетплейстерді ескере отырып) 12,7% құрады, өткен жылмен салыстырғанда 0,2% - ға өсті.

2023 жылы маркетплейстерді ескере отырып, бөлшек электрондық коммерция (ішкі нарық) нарығының көлемі 2439,8 млрд. теңгені (өткен жылмен салыстырғанда 20%-ға ұлғайды) құрады, оның ішінде электрондық коммерция платформасы (маркетплейс) арқылы бөлшек сауда айналымы 1767,6 млрд. теңгені (72,4%), тауарларды меншікті Интернет-ресурсы арқылы өткізуді жүзеге асыратын бөлшек сауда кәсіпорындары – 672,2 млрд. теңгені (27,6%) құрады.

2023 жылы электрондық коммерция қызметтерінің көлемі маркетплейстерді ескере отырып 1602,6 млрд. теңгені өткен жылмен салыстырғанда 26%-ға өсті, оның ішінде электрондық коммерция (маркетплейс) платформасы арқылы көрсетілген қызметтер көлемі 1304 млрд. теңгені (өткен жылмен өсім 29%) құрады. Меншікті Интернет-ресурс арқылы көрсетілген қызметтер көлемі 298,6 млрд.теңгені (өткен жылмен өсім 15%) құрады.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ A1.

Мақсатты бағытталған іріктеме қолданылғандықтан, бағалау мүмкін емес.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Барлық форматты-логикалық бақылаулар есепті жинау барысында түзетілді.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды.

S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмайды.

S.15.3.1.2 A3.Жалпы бірліктер арақатынас

Қолданылмайды.

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

Қолданылмайды.

S.15.3.3.2 A5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Қолданылмайды.

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Респонденттер ұсынған мерзімнен бастап бюллетенінің бірінші жариялануына дейінгі алғашқы нәтижелерді өңдеуге жұмсалған уақыт орта есеппен 87 күнді құрайды. Нәтижелер бюллетенде жыл сайын, ағымдағы жылға бекітілген статистикалық жұмыс жоспарына сәйкес жарияланады. Шығару күні СЖЖ және ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде сәйкес бекітілді және жарияланды.

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Алғашқы нәтижелер соңғы нәтижелер болып саналады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі мен Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес мерзімдерде жарияланады және таратылады. Түпкілікті және жоспарлы уақыттары сәйкес, жариялау мерзімдері бұзылған жоқ.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Деректер ҚР өңірлер арасында, сондай-ақ 3-информ нысаны арасында салыстырмалы.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – коэффициент/СС1

Қолданылмайды.

S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

2013 жылдан бастап уақыт қатарлардың салыстырмалылығы бар. 2013-2023 жж. арналған уақыт қатарлары бар.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Электрондық коммерция статистикасы бойынша көрсеткіштерді қалыптастыру жөніндегі әдістеме Еуростат әзірлеген электрондық коммерция статистикасы бойынша халықаралық стандарттармен және ЭЫДҰ елдері тобымен, БҰҰ

экономикалық комиссиясымен және халықаралық сарапшылармен цифрлық экономиканы статистикалық өлшеу және талдау бойынша әдіснамалық ұсынымдармен салыстырылды.

Осылайша, жіктеуіштер мен статистикалық көрсеткіштердің қабылданған халықаралық стандарттармен салыстырылуы қамтамасыз етеді.

S.18.2 Ішкі келісушілік

Электрондық коммерция статистикасының көрсеткіштерін қалыптастыру әдістемесі ҚР СЖРА ҰСБ барлық құрылымдық және аумақтық бөлімшелерімен келісілген.

S.19 Жүктеме

Респонденттің қалауымен деректерді жинау электрондық түрде және қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Деректерді онлайн-режимде жинау кезінде респондентке әдеттегі енгізу қателеріне жол бермейтін автоматтандырылған арифметикалық-логикалық бақылаулар көзделген. Ақпаратты өңдеу процестері жергілікті бағдарламалық кешендерді қолдана отырып автоматтандырылған, кіріс және шығыс ақпаратты бақылау қарастырылған. Нысанды толтыруға жұмсалған орташа уақыты 1 сағатқа дейін құрайды. Басқа зерттеулермен қайталау жоқ. Әкімшілік деректер пайдаланылмайды.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

Ресми статистикалық ақпарат бекітілгеннен және жарияланғаннан кейін деректерді қайта қарау болған жоқ.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

- Электрондық коммерция бойынша статистикалық ақпарат «Электрондық коммерция туралы есеп» Э-коммерция нысаны бойынша респонденттердің алғашқы есептерінің негізінде қалыптасады.
- Статистикалық байқау ірі және орта кәсіпорындар – жаппай әдіспен, шағын кәсіпорындар – іріктемелі, жеке тұлғалар және маркетплейстер – тізім бойынша жүргізіледі.
- Статистикалық бизнес-тіркелім (СБТ) бас жиынтық ретінде пайдаланылады.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

Жылдық.

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Э-коммерция нысаны бойынша статистикалық нысанды тапсыру электрондық түрде немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электронды түрде толтыру «Е-Статистика» ақпараттық жүйесі арқылы «Респондент кабинеті» арқылы жүзеге асырылады.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Деректердің сапасын жақсарту, статистикалық нысанның кейбір сұрақтары бойынша

жауап алынбауды азайтуды және статистикалық нысанды дұрыс толтыруды тексеру мақсатында алғашқы статистикалық деректерді электрондық форматта енгізу деңгейінде анықтығын тексеру белгіленген, сондай-ақ алғашқы статистикалық ақпаратты өңдеу бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуге әртүрлі форматты-логикалық бақылаулар енгізілген.

Форматты-логикалық бақылаулар: бөлімдер, модульдер, тармақтар арасында.

S.21.5 Импутация - үлесі/A7

Қолданылмайды.

S.21.6 Түзету

Деректерді түзету байқау жүргізу барысында тікелей жүзеге асырылады.

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды.

S.22 Ескерту

Электрондық коммерция статистикасы бойынша деректер сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізу.